

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

**«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«ҒЫЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»  
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XX Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«ҒЫЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**PROCEEDINGS  
of the XX International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«ҒЫЛЫМ ЖАҢЕ БІЛІМ - 2025»**

**2025  
Астана**

УДК 001(06)  
ББК 72я631  
F96

**«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025» студенттер мен жас ғалымдардың  
XX Халықаралық ғылыми конференциясы = XX Международная  
научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE  
BILIM – 2025» = The XX International Scientific Conference for  
students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2025». – Астана:  
– 3813 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-08-5373-7

**Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас  
ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті  
мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.**

**The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young  
researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities. В сборник  
вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по  
актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.**

УДК 001(06)  
ББК 72я431  
F96

ISBN 978-601-08-5373-7

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2025

1836.	Мухтар А.З.	Тұрақты логистиканың болашағы: жасыл технологиялар мен инновациялар	7802
1837.	Өміржан Д.С.	Международный транспортный коридор «Север-Юг»: перспективы и вызовы	7807
1838.	Пулатов М.М., Пулатова М.Ж.	Способы усиления пропускной и провозной способности железнодорожного участка Ангрэн – Пап	7812
1839.	Смагулова А.Е.	Преимущества и вызовы применения технологии Блокчейн в логистике	7815
1840.	Серикова Д.Б.	Көлік-логистика саласындағы цифрлық экожүйелерді қалыптастыру және дамыту. (Қазақстандық логистикалық кәсіпорындар мысалында)	7820
1841.	Солод А.И.	Повышение безопасности движения на основе применения кольцевых пересечений	7826
1842.	Темирханұлы Т.	Повышение качества транспортного обслуживания пассажиров	7829
1843.	Тохиров О.З., Рустамжонов Б.Э.	Определение количества приемо-отправочных путей железнодорожной грузовой станции «К» в условиях увеличения объемов перевозок	7833
1844.	Шаймардан Д.Т.	Қойма логистикасындағы заманауи ақпараттық технологиялар	7836
1845.	Шүрекен Д.А., Алтаев Н.С.	Цифрлық трансформация жағдайында логистикалық процестерді оңтайландыру	7839

## СОДЕРЖАНИЕ

### СЕКЦИЯ 13 ОБРАЗОВАНИЕ

#### ПОДСЕКЦИЯ 13.1 ИННОВАЦИОННЫЕ ТЕХНОЛОГИИ В СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ НА ИНОСТРАННЫХ ЯЗЫКАХ

1846.	<b>Abdushukurova Zh. F., Aripbek S. B.</b>	Is multilingualism making us more emotionally intelligent? A cognitive science perspective	7844
1847.	<b>Akhan A., Berdibay D.</b>	Six levels of thinking: applying bloom's taxonomy in education	7846
1848.	<b>Akim A.</b>	Digital tools in language learning:	7848

		advancing lexical-grammatical skills of secondary school students	
1849.	<b>Ermekova R., Amzina K., Adambay Sh.</b>	Methods of using icts in teaching english language in kazakhstan	7852
1850.	<b>Baltabai S.K.</b>	Top online platforms for improving listening skills in foreign language teaching	7856
1851.	<b>Imangaliyeva M.</b>	Analyzing the impact of open educational resources on academic achievement	7862
1852.	<b>Kaldybay M.</b>	Self - study in learning foreign language	7866
1853.	<b>Konakbayeva A.B.</b>	From conventional to multimodal reading: new approaches in teaching english	7869
1854.	<b>Ryskulbek A. Kh., Kaliyeva A. A.</b>	Modern innovations in teaching foreign languages	7873
1855.	<b>Shander D.</b>	The english language acquisition: Why are you still unable to speak it?	7878
1856.	<b>Tangatar A.</b>	The role of graphic organisers in teaching writing skills	7882
1857.	<b>Yerbulatova Zh. M.</b>	Modern innovations in teaching foreign languages	7886
1858.	<b>Zhangabek A. O.</b>	Digital storytelling in efl: enhancing writing and reading skills	7889
1859.	<b>Абай Е. С.</b>	Ағылшын тілі сабақтарында қолданылатын пікірталас әдісі туралы	7896
1860.	<b>Акимбекова К.Ж.</b>	Феномен фальшивой дружбы в рассказе оскара уайльда «преданный друг»	7898
1861.	<b>Донбаева А. А.</b>	Использование аутентичных текстовых материалов при обучении чтению в целях повышения мотивации к изучению иностранного языка	7903

1862.	<b>Дүйсенғали Б. Ж., Ақылбаева Ж. Қ.</b>	«Shadowing» (көлеңкелі қайталау) әдісінің білім беру құралы ретінде оқушылардың тыңдау және сөйлеу дағдыларын дамытуға әсері	7907
1863.	<b>Жаңабай Д. А.</b>	Оқушылардың сөйлеу дағдыларын дамыту үшін көркем әдебиетті пайдалану	7910
1864.	<b>Кайратова А. К.</b>	Современные технологии в обучении иностранным языкам: инновации и перспективы	7912
1865.	<b>Кульжин Қ. Н.</b>	Повышение мотивации и учебной активности обучающихся через нейросетевые технологии в веб-приложениях	7915
1866.	<b>Ма мырова Ф. Н.</b>	Инновационные технологии в реализации когнитивно-лингвокультурологического подхода к обучению иностранным языкам в вузе	7919
1867.	<b>Нәрібек Б. С.</b>	Мектептегі ағылшын тілін оқыту үдерісіне мобильді құрылғыларды кіріктіру	7924

**ПОДСЕКЦИЯ 13.2 КОНСОЛИДАЦИЯ ЧЕЛОВЕЧЕСКИХ РЕСУРСОВ В ГЛОБАЛИЗАЦИИ ОБРАЗОВАНИЯ**

1868.	<b>Amirbekov M. M., Makhambetova Zh. T.</b>	The problem of bullying among adolescents in the republic of kazakhstan	7926
1869.	<b>Bektaу N.S.</b>	Review on the effectiveness of digital teaching tools in the school education process	7929
1870.	<b>Kaliyeva A. A., Ryskulbek A. Kh.</b>	Enhancing students' motivation and engagement through inquiry-based learning	7931
1871.	<b>Tazhibay A. M.</b>	Influence of professional guidance for the effective career choice	7937
1872.	<b>Аубакирова С. Т.</b>	Тілдік білім – құндылық бағдар қалыптастырудың маңызды құралы	7942
1873.	<b>Амангелди Д.</b>	Балалардың даму қабілеттіліктеріне деген кеңістікті қалыптастырудағы	7947

		шахмат ойынының маңызы	
1874.	<b>Әшір А. С.</b>	Аз қамтылған отбасындағы балаларды мектеп ортасына әлеуметтендіру	7950
1875.	<b>Әшір А. Т.</b>	Ерекше білім беру қажеттіліктері бар бастауыш сынып оқушыларын психологиялық қолдау	7953
1876.	<b>Байтуған Г.</b>	Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу тілін дамытуда цифрлық технологияларды пайдалану	7956
1877.	<b>Гайсин А. И.</b>	Сущность понятия «эмоциональное неблагополучие студентов»	7959
1878.	<b>Горбунова К. В.</b>	О психологической природе ценностных представлений как регуляторов поведения личности	7962
1879.	<b>Дарбаева Г. Қ.</b>	Цифрлық дәуірде педагог-психологтардағы кәсіби Стресс мәселелері	7966
1880.	<b>Даулетқызы А.</b>	Режиссерлік ойын арқылы баланың байланыстырып сөйлеуін дамыту	7969
1881.	<b>Джаппарова Л.А.</b>	Университет жағдайында шетел студенттерін әлеуметтік-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру	7973
1882.	<b>Дихан А. Б.</b>	Жаңа форматтағы педагогиканың даму үрдісі мен мәселелері	7976
1883.	<b>Ерқасым Н. Т.</b>	Аз қамтылған отбасы балаларын әлеуметтік бейімдеудің педагогикалық шарттары	7980
1884.	<b>Ермекова С. А.</b>	Метанавық целеполагания: возможности развития через систему профессиональной ориентации	7984
1885.	<b>Жапекова М. Н.</b>	Жасөспірім оқушылардың әлеуметтік ортадағы қарым-қатынасына эмоционалды интеллекттің ықпалы	7988
1886.	<b>Жумабай Ә. К.</b>	Жеткіншектердің бос уақытын ұйымдастыру мәселелері	7993
1887.	<b>Жумабекова Ф.</b>	Синдром самозванца среди зуммеров: влияние цифровых технологий и социально-культурных факторов	7998
1888.	<b>Задаев О. Т.</b>	Болашақ әлеуметтік педагогтердің басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру: теориялық және	8001

		практикалық аспектілер	
1889.	<b>Исмаил Н.</b>	Балалар үйіндегі жеткіншектерді еңбекке баулуды әлеуметтік-педагогикалық қолдаудың жүйесі	8003
1890.	<b>Кабдуалиева А. Ж.</b>	Корпоративная культура как инструмент повышения эффективности деятельности образовательной организации	8006
1891.	<b>Кошенова М. М.</b>	Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың заманауи көрінісі	8011
1892.	<b>Кудайбергенова А. Т.</b>	Жасөспірімдердің оқу мотивациясын қалыптастыру мүмкіндіктері	8015
1893.	<b>Кулдашева Н.У.</b>	Студенттердің психологиялық денсаулығын зерттеу ерекшеліктері	8017
1894.	<b>Кулдашева Н.У. Ырымбаева Н. А.</b>	Болашақ педагогтардың цифрлық мәдениетін дамыту жолдары	8020
1895.	<b>Кульмагамбетова Г. С.</b>	Процесс ознакомления с предметным миром как инструмент развития словарного запаса у детей младшего дошкольного возраста	8023
1896.	<b>Куршева А. В.</b>	К проблеме влияния родительского стиля воспитания на развитие самооценки у детей	8028
1897.	<b>Кусаинова Т. К.</b>	Библиотерапия арқылы жеткіншектердің құндылық қатынастарын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері	8032
1898.	<b>Қабдулуахит М. Б.</b>	Мектеп жасына дейінгі балалардың сөйлеу дағдарымын бағалау	8035
1899.	<b>Лукашкина А. Т.</b>	О некоторых психологических проблемах детской одаренности	8039
1900.	<b>Моминова Г. М.</b>	Творческий потенциал школьников как фактор успешной академической социализации	8043
1901.	<b>Мұратқызы А., Байтана Ә. Е.</b>	Театр педагогикасы тарихының оқушылардың бос уақытын ұйымдастыруда қолданылуы	8046
1902.	<b>Мұратова Д. Т.</b>	Арт-терапия әдістерімен жасөспірімдердің өзіндік қарым-	8051

		қатынасын оңтайландыру	
1903.	<b>Нуриева Д. Р.</b>	Цифровая трансформация педагогики: роль информационных технологий в повышении квалификации преподавателей	8055
1904.	<b>Сабыржан А. Б.</b>	Эмиль реджио педагогикасы негізінде балалардың байланыстырып сөйлеуін қалыптастырудың мүмкіндіктері (ересек топ)	8059
1905.	<b>Сарқыт Е. М.</b>	Ж.Аймауытовтың қазақ тілін оқыту әдістемесі: жаңартылған білім беру мазмұны және әлемдік әдістемелік ұстанымдармен сабақтастық	8062
1906.	<b>Соколова К. И.</b>	Исследование трудностей обучения студентов с СДВГ	8065
1907.	<b>Спандияр П. Ж.</b>	Инновациялық мектептер жағдайында жеткіншектердің мамандық таңдау мотивациясын қалыптастыру	8069
1908.	<b>Сұлтанова А. Н.</b>	Жобалық оқыту әдісі оқушылардың мотивациясын арттыру құралы ретінде	8072
1909.	<b>Тайгарина А. Э.</b>	Психикалық дамуы тежелуі бар бастауыш сынып оқушыларының инклюзивті ортаға бейімделу ерекшеліктері	8076
1910.	<b>Тұрлыбаева Ж. С.</b>	Шетелдік оқушыларды қазақстанның білім беру жағдайына бейімдеудің ерекшеліктері	8079
1911.	<b>Туранова А. А.</b>	Бейімдік дене шынықтыру арқылы аутизм синдромы бар балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу	8082
1912.	<b>Хайруллина Д. Е.</b>	Мектептегі кәсіби бағдар беру жұмысы негізінде жасөспірімдердің саналы кәсіп таңдауын жетілдіру	8085
1913.	<b>Чикова И. В.</b>	О некоторых аспектах развития субъектности студента вуза: реалии и перспективы	8094
1914.	<b>Шарапатова Р. Ж.</b>	Бесінші сынып оқушыларын негізгі мектепке бейімдеу	8097

**ПОДСЕКЦИЯ 13.3 АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ, ТЕНДЕНЦИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ  
РАЗВИТИЯ ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ И СПОРТА**

1915.	<b>Аблаева Н. М., Волчихин А.А.</b>	Проблемы физического развития в современном мире у подростков.	8101
1916.	<b>Актаева А.Г., Мысан В.В.</b>	Использование современных технологий (виртуальная реальность (vr) и цифровые тренажеры) в обучении и подготовке спортсменов и учащихся в возрасте 16-21 года.	8104
1917.	<b>Алдабергенова Ж.Б.</b>	Күш төзімділікті дамыту маңызы.	8106
1918.	<b>Амантаева А.Б.</b>	Биологические ритмы стрелков: влияние режима дня на точность.	8107
1919.	<b>Асылханова Л.Д.</b>	Құзыреттілік тәсілін қолдану арқылы 8 сынып оқушыларының ағылшын тіліндегі биология бойынша білім сапасын арттыру.	8112
1920.	<b>Әшірбай Б.Қ.</b>	Қазақстан республикасындағы есірткілікті үгіттеу: журналистикалық зерттеу.	8115
1921.	<b>Әшірбай Б.Қ.</b>	Қазақстандағы есірткіге тәуелділіктің қазіргі бейнесі және жастардың пікірі.	8118
1922.	<b>Бусурман Д. Қ.</b>	Оптимизация тренировочного процесса в беге на средние и длинные дистанции для школьников.	8124
1923.	<b>Бейсекеева А.</b>	Особенности подготовки дзюдоистов к соревнованиям различного уровня..... .....	8127
1924.	<b>Бактыбай Н.К.</b>	Жас боксшылардың дене қасиеттерін жетілдіру әдістері.	8128
1925.	<b>Бақытжан Н.</b>	Қазақтың ұлттық ойындары арқылы ойлау қабілеттері дамыту.	8133
1926.	<b>Бойцова З.</b>	Влияние психологической подготовки на результаты спортсменов в стендовой стрельбе.	8136
1927.	<b>Болатов Б.Б.</b>	Бокспен айналысатын 10-12жастағы балалардың физикалық қасиеттерін дамыту әдістемесі.	8138
1928.	<b>Гончарук А.А.</b>	Современные тенденции предмета физическая культура в общеобразовательной школе.	8140
1929.	<b>Гуралевич Н.</b>	Роль капитана в организации командной игры в волейболе.	8142
1930.	<b>Даулет Д. Қ.</b>	Психологическая подготовка дзюдоистов на соревнованиях.	8144
1931.	<b>Дәуренбек А.</b>	Дене шынықтырудың адамның ақыл-ой қызметіне әсері.	8146

1932.	<b>Достов И. Б.</b>	Бес асық қазақ халқының ойыны және оның қазіргі қоғамдағы маңызы туралы.	8150
1933.	<b>Дауменов А.Б., Хамзин С.О.</b>	История развития бокса как спортивной дисциплины.	8153
1934.	<b>Елшибек Б.Ч., Ем Н.С.</b>	Влияние занятий физической культурой на развитие когнитивных функций у детей младшего школьного возраста (7-10 лет).	8155
1935.	<b>Ержанқызы А.</b>	Волейбол арқылы 11-12 жас аралығындағы жасөспірімдердің физикалық қасиеттері мен дене дамуын арттыру.	8158
1936.	<b>Есіркеп Қ. Ж.</b>	Бастауыш сыныпта ойыны арқылы балалардың логикалық ойлауын дамыту.	8160
1937.	<b>Еспембетова Г.</b>	Дене шынықтыру құралдарын қолданудың педагогикалық технологиялары көмегімен жас еркін күрескерлердің дене қасиеттерін дамыту.	8164
1938.	<b>Жемпеисова Ә.</b>	Дене тәрбиесі барысында үйрету және дамыту негіздері.	8165
1939.	<b>Жолдубаев А.А., Кожегалденов А.Г.</b>	Роль бокса в физическом развитии подростков: влияние на здоровье, мотивацию и социальную адаптацию.	8169
1940.	<b>Жулсаитова Г.Е.</b>	Жаһандану жағдайында қазақтың ұлттық сәндік қолданбалы өнерінің рөлі.	8171
1941.	<b>Закутняя С. Н.</b>	Этические аспекты организации и проведения сурдлимпийских игр: взгляд тренеров и спортсменов.	8174
1942.	<b>Иванова Д.</b>	Влияние волейбола на физическое и психологическое развитие подростков.	8180
1943.	<b>Изтаев Н.А.</b>	Кибер алаяқтыққа қарсы тұрудағы құқықтық зерттеу: заманауи тенденциялар және әлемдік тәжірибелер.	8183
1944.	<b>Иргетаева Т.М.</b>	Жасөспірімдер волейболы: болашақ чемпиондарды тәрбиелеуді жетілдіру.	8187
1945.	<b>Ильясов Ә. Е.</b>	Жоо - дағы дене шынықтырудағы денсаулық сақтау технологиясы.	8190
1946.	<b>Косенкова М.И.</b>	Изменения в организме юношей и девушек в возрасте 18-23 года под влиянием силовых тренировок с отягощением.	8192
1947.	<b>Какен А.Д.</b>	14-15 жас аралығындағы баскетболшылардың жылдамдық-	8195

		күш қабілеттерін дамыту әдістемесі.	
1948.	<b>Какимжан Н.</b>	Дене тәрбиесінің жаңа технология арқылы баланы оқыта отырып, өз бетінше шешім қабылдауға дағдыландыру.	8197
1949.	<b>Күнтуған Ж.М.</b>	Қазақстандағы ауа ластануы мен басқа да экологиялық аспектілеріне қатысты жаңа мемлекеттік құжаттарын талдау.	8201
1950.	<b>Құрманова Ж. Қ.</b>	Гендерные особенности судейства в волейболе: сравнительный анализ эффективности мужчин и женщин в роли арбитров.	8204
1951.	<b>Касымова М.А.</b>	Влияние карате на показатели выносливости у спортсменов 15–17 лет.	8208
1952.	<b>Косенкова М.И.</b>	Изменения в организме юношей и девушек в возрасте 18-23 года под влиянием силовых тренировок с отягощением.	8211
1953.	<b>Лазарь Д. Д., Сериков Т.Р.</b>	Формирование командной работы, через спортивные игры.	8214
1954.	<b>Мамырхан Н.</b>	Баскетбол секциясында шұғылданатын 12-13 жас жасөспірімдердің дене дайындығы мен функционалдық жағдайын дамыту әдістемесі.	8216
1955.	<b>Мухтарова А.</b>	Дене шынықтыру физиологиялық және биохимиялық негіздері.	8218
1956.	<b>Mukhanova К.В.</b>	The impact of sports on society.	8222
1957.	<b>Нүсіпақын А.</b>	Болашақ дене шынықтыру мұғалімінің әдістемелік белсенділігін арттыру жолдары.	8224
1958.	<b>Нугманова Г. М.</b>	Ұлттық ойындардың оқушыларға үйрете отырып, бала бойындағы негізгі қасиеттерінің дамыту ерекшелігі.	8227
1959.	<b>Оразғалиев А., Маратов Ч.</b>	Футбол и образование: совмещение спорта и учёбы.	8232
1960.	<b>Нурмагамбетова К. К.</b>	Спортивная акробатика и олимпийское движение: барьеры и перспективы включения.	8234
1961.	<b>Петренко Д.</b>	Особенности тренировочного процесса спортсменов по академической гребле.	8236
1962.	<b>Подсухина Е.Е.</b>	Особенности психологической подготовки связующего игрока в профессиональном волейболе.	8238
1963.	<b>Рахимова Ж.</b>	Реабилитация травм в волейболе.	8243
1964.	<b>Ракишев Ж.С.</b>	Көшбасшылық – жастардың жеке тұлғалық дамуының негізі.	8245

1965.	<b>Рахимова Ж.</b>	Профилактика и реабилитация в волейболе.	8247
1966.	<b>Серікбай А.</b>	Дене шынықтыру жаттығуларының оқушылардың ағзасына тигізетін әсері.	8250
1967.	<b>Серікова З.Қ.</b>	Джиу-джитсуда (файтинг) техникалық-тактикалық іс-қимылдардың оқу процесін құру ерекшеліктері.	8254
1968.	<b>Серикбаев Б.Т.</b>	Дене шынықтыру мен спортты дамытудың өзекті мәселелері, үрдістері мен перспективалары.	8257
1969.	<b>Сирлибаев М.К.</b>	Білім берудегі гендерлік көзқарас мәселелері бойынша дене шынықтыру мұғалімдерінің құзыреттілігін дамыту.	8259
1970.	<b>Сұлтанов Б.Е.</b>	Влияние сотрудничества с тренером на карьеру и достижение спортсмена.	8264
1971.	<b>Сұңғатолла М.</b>	Профилактика травм у юных баскетболистов: анализ наиболее частных повреждений и методы их предотвращения.	8266
1972.	<b>Темірғали Т.А., Басшибаев А.А.</b>	Травмы в греко-римской борьбе: причины и профилактика.	8269
1973.	<b>Тасқын А.</b>	Студент жастардың дене тәрбиесімен үнемі айналысулары салауатты өмір салтын қалыптастыру негізі.	8271
1974.	<b>Темиргалиева С.Е.</b>	Современные вызовы и перспективы развития системы образования и воспитания в республике казахстан.	8275
1975.	<b>Тлемисова К.К.</b>	Психология победителя: что отличает чемпионов в волейболе.	8278
1976.	<b>Toleukhanova А.А.</b>	Factors contributing to the termination of athletic careers among sports major students.	8282
1977.	<b>Төрегелді А.</b>	Дайындықтың бастапқы кезеңінде 9-10 жас каратэшілерге спорттық қозғалыстарды үйретудің техникасы мен әдістемесі.	8284
1978.	<b>Тюлюбаев Д.</b>	Психологическая подготовка спортсменов в тхэквондо: методы повышения устойчивости к стрессу на соревнованиях.	8286
1979.	<b>Тюлюбаев Д., Кагенов А.</b>	Физическое развитие детей 4–5 классов с использованием цифровых технологий в подвижных играх.	8288
1980.	<b>Тюлюбаев Д.Б.,Кагенов А.Р.</b>	Психологическая подготовка спортсменов в тхэквондо: методы	8289

		повышения устойчивости к стрессу на соревнованиях.	
1981.	<b>Тлеуберген А.Ж., Айтореева М.А.</b>	Дене шынықтыру мен спорттың тұлға дамуына ықпалы.	8292
1982.	<b>Умирова Д. Р.</b>	Развитие двигательных навыков у детей младшего дошкольного возраста с помощью физкультурных праздников.	8294
1983.	<b>Ушенина Е.С.</b>	Оздоровительные физические упражнения при внутренних факторах риска у учащихся 9 классов.	8296
1984.	<b>Ушенина Е.С.</b>	Методы оценки психологического состояния спортсменов по пауэрлифтингу и их эффективность.	8302
1985.	<b>Фарит Ж.</b>	Әйелдердің еркін күресіндегі психологиялық қолдау мен қамтамасыз ету ерекшеліктері туралы.	8306
1986.	<b>Хватюк Д.</b>	Травмы в пауэрлифтинге: причина и профилактика№	8308
1987.	<b>Шилибаев Н.А.</b>	Орта мектеп жасындағы оқушылардың техникалық дайындағының әдістемелік ерекшеліктері.	8311
1988.	<b>Шилибаев Н.А.</b>	Спорттық ұйымдардағы қаржылық менеджмент.	8313

3. Р.В. Ленков, Боровлёва Е.И. Корпоративная культура как фактор эффективности вуза [Электронный ресурс] / Р. В. Ленков, Е. И. Боровлёва // Науковедение. — 2013. — № 5. — Режим доступа: <http://naukovedenie.ru/PDF/98EJV513.pdf>
4. Drucker, P. F. Innovation and Entrepreneurship / P. F. Drucker. — New York : Harper & Row, 1985. — 276 p.
5. Köse, M. F. Why Are Some Universities Better? An Evaluation in Terms of Organizational Culture and Academic Performance / M. F. Köse, M. Korkmaz // Higher Education Research & Development. — 2019. — Vol. 38, no. 6. — P. 1246–1260.
6. Тощенко, Ж. Т. Социология управления : учебник / Ж. Т. Тощенко. — М. : Изд-во ЮНИТИ-ДАНА, 2011. — 300 с.
7. Value Orientations of Students at Kazakh National Women’s Teacher Training University // Proceedings of the 24th European Conference on Knowledge Management. — 2023. — P. 644–655. — Режим доступа: <https://papers.academic-conferences.org>.
8. Kazakh National Women’s Teacher Training University. Прошла коуч-сессия по улучшению корпоративной культуры [Электронный ресурс]. — 2024. — Режим доступа: <https://qyzpu.edu.kz>.
9. Belkin, V. N. Theoretico-methodological foundations of the social capital of organization / V. N. Belkin, N. A. Belkina, O. A. Antonova, I. V. Bochkayeva. — Ekaterinburg, 2011. — 200 p.
10. Башбаева, М. А. Корпоративная культура вуза глазами студентов / М. А. Башбаева, А. А. Дуйсенова, Г. К. Кошмаганбетова // Западно-Казахстанский медицинский журнал. — 2017. — Режим доступа: <https://cyberleninka.ru>.

## **ӘОЖ 37.018.1**

### **АТА-АНА МЕН БАЛА АРАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ЗАМАНАУИ КӨРІНІСІ**

**Кошенова Мадина Мұратқызы**

[madinakkoshenova@gmail.com](mailto:madinakkoshenova@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің «Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу» мамандығының 3 курс студенті. Астана, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – аға оқытушы Коньрова А.А.

Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас – баланың тұлғалық қалыптасуы мен дамуының негізгі факторы. Қазіргі қоғамдағы әлеуметтік және технологиялық өзгерістер ата-аналардың тәрбиелеу тәсілдеріне елеулі ықпал етуде. Бұрын бала тәрбиесі көбінесе дәстүрлі көзқарастарға негізделсе, бүгінгі таңда ата-аналар эмоциялық қолдау көрсетудің, баланың пікірін ескерудің және тәрбиенің жаңа әдістерін қолданудың маңызын тереңірек түсіне бастады. Баланың сәтті әлеуметтенуі мен оның болашақта өз орнын табуы көбіне ата-анасының қарым-қатынас стиліне байланысты.

Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың тиімділігі баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып қалыптасады. Әсіресе, мектепке дейінгі кезең ерекше мәнге ие, өйткені дәл осы уақытта баланың алғашқы әлеуметтік дағдылары, эмоциялық тұрақтылығы және өзіндік «Мен» ұғымы қалыптасады. 3-6 жас аралығындағы балалар айналасындағы адамдармен қарым-қатынас жасауға, өз ойларын білдіруге, дербестікке ұмтылады. Бұл кезеңде ата-ананың баламен қарым-қатынасы оның өзіне деген сенімділігіне, болашақта жаңа ортаға бейімделуіне, танымдық қабілеттерінің дамуына айтарлықтай әсер етеді. Егер ата-ана балаға жеткілікті қолдау көрсетіп, оның бастамаларына құрметпен қараса, балада оң өзіндік бағалау қалыптасады. Ал керісінше, ата-аналық қарым-қатынаста қатаң бақылау, немқұрайлылық немесе артық қамқорлық орын алса, бұл баланың эмоционалдық және әлеуметтік дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Сонымен қатар, қазіргі заманғы технологиялар ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты жаңа деңгейге шығарды. Балалар гаджеттермен ерте танысып, интернет арқылы ақпарат алуға үйренуде. Бұл жағдай ата-аналардан тәрбиенің жаңа тәсілдерін қолдануды, балаға дұрыс бағыт-бағдар беруді және қарым-қатынасты нығайтуды талап етеді. Егер ата-аналар баланың қызығушылықтарына немқұрайлы қарамаса, онымен бірге уақыт өткізіп, оның даму ерекшеліктерін ескерсе, олар арасындағы қарым-қатынас сенім мен түсіністікке негізделеді.

Осы тұрғыдан алғанда, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты жан-жақты зерттеу маңызды. Тақырыптың өзектілігі – ата-ана мен бала арасындағы өзара байланыс ерекшеліктерін анықтау, ата-аналық тәрбие стильдерін талдау және олардың бала дамуына ықпалын зерттеу. Зерттеудің мақсаты – ата-аналардың балаларымен қарым-қатынасындағы негізгі модельдерді анықтап, тиімді тәрбие беру жолдарын ұсыну.

Америкалық психолог Д. Баумринд ата-аналық тәрбиелеу стильдерінің жіктелуінің негізін қалаушы болып табылады [4]. Ол тәрбиенің төрт түрін анықтады: авторитарлық, демократиялық, либералды және индифферентті (немқұрайлы).

Авторитарлық стиль жоғары бақылау деңгейімен және төмен эмоционалды қолдаумен сипатталады. Бұл форматта әрекет ететін ата-аналар балаларынан сөзсіз бағынуды талап етеді. Олар қатаң ережелер мен тәртіп орнатады, бірақ баланың пікірін әрдайым ескере бермейді. Мұндай тәсіл балалардың өз-өзіне деген сенімділігінің төмендеуіне әкелуі мүмкін, өйткені олар сирек мақтау естіп, оң қолдауға ие болады. Балалар көбінесе енжар болып, қателік жасаудан қорқады, бұл олардың өзіне деген сенімділігін дамытуына кедергі келтіреді [1].

Демократиялық стиль, керісінше, тепе-теңдікті сақтайды: ол жоғары талаптарды қолдаумен үйлестіреді. Бұл стильді қолданатын ата-аналар балаларымен ашық қарым-қатынас орнатып, өз күткендерін түсіндіреді және олардың жетістіктерін белгілеп отырады. Осындай атмосферада тәрбиеленген балаларда тұрақты және оң өзіндік бағалау қалыптасады. Олар өз бетінше әрекет етуге, өз пікіріне сенімді болуға бейім келеді. Себебі мұндай ата-аналар талқылау мен ортақ шешім қабылдауды тәжірибеге айналдырады, балалар өз сезімдері мен уайымдарын еркін білдіруді үйренеді, бұл олардың өзіндік бағасына оң әсер етеді [2].

Либералды стиль төмен бақылау деңгейімен және жоғары эмоционалды қолдаумен сипатталады. Бұл тәсілді ұстанатын ата-аналар балаларға үлкен еркіндік беріп, оларға өз бетінше шешім қабылдауға және айналаны зерттеуге мүмкіндік береді. Мұндай ата-аналар көбінесе балаларын қуантуға тырысып, қақтығыстардан қашады. Олар жиі балаларымен «дос» ретінде әрекет етеді және жағымсыз мінез-құлықтың салдары туралы ескерте бермейді [3]. Балалар эмоционалды тұрғыдан өзін қауіпсіз сезінгенімен, нақты шекаралардың жоқтығы олардың өзіндік бағалауына әсер етуі мүмкін. Егер олар өз мүдделерін қорғауды және өз әрекеттеріне жауапкершілік алуды үйренбесе, өздерінің маңыздылығын түсінбеуі мүмкін.

Индифферентті стиль төмен талаптармен және төмен эмоционалды қолдаумен сипатталады. Мұндай ата-аналар балалардың өміріне физикалық және эмоционалды тұрғыдан аз қатысады, бұл олардың өзін-өзі қабылдауына және «Мен» бейнесіне кері әсерін тигізеді [5]. Мұндай жағдайда тәрбиеленген балалар көбінесе өзін қажетсіз сезінеді, бұл олардың өзіндік бағалауын төмендетеді. Олар өздерін «сәтсіз» сезініп, әлеуметтік оқшаулануға және қарым-қатынаста қиындықтарға тап болуы мүмкін.

Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастың заманауи көрнісін бағалау үшін А.Я. Варга мен В.В. Столиннің «Ата-аналық қарым-қатынас» тест-сауалнамасы қолданылады. Бұл әдіс ата-аналардың тәрбиелеу стилін бес негізгі шкала бойынша бағалауға мүмкіндік береді:


- Қабылдау – қабылдау шкаласы – ата-ананың баланы қаншалықты эмоционалды түрде қабылдайтынын анықтайды.

- Әлеуметтік қолайлы мінез-құлық шкаласы – ата-ананың баланың бастамалары мен тәуелсіздігін қолдау деңгейін бағалайды.

- Симбиоз шкаласы – ата-ананың балаға деген эмоционалдық байланысын өлшейді.
- Бақылау шкаласы – ата-ананың баланы бақылау дәрежесін көрсетеді.
- «Кішкентай сәтсіздікке ұшыраушы» шкаласы – ата-ананың бала мүмкіндіктеріне деген сенімін бағалайды [6].

Осылайша, ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынасты зерттеу – тәрбиенің тиімділігін анықтауға, ата-аналарға дұрыс бағыт-бағдар беруге және балалардың үйлесімді дамуына ықпал етуге мүмкіндік береді.

Ата-аналардың тәрбиелеу тәсілдерін кешенді талдау мақсатында зерттеу жұмысына барлығы 40 ата-ана қамтылды. Зерттеу нәтижелерін 1 суреттен көруге болады.



**Сурет 1 Ата-аналардың басшылыққа алатын тәрбие стильдері**

#### 1. Қабылдау – қабылдамау шкаласы

- 70% ата-ана (28 адам) баланы толықтай қабылдайтынын және оның сезімдері мен қызығушылықтарын құрметтейтінін көрсетті.
- 30% ата-ана (12 адам) кейде баланың қабілеттеріне күмәнмен қарайтынын мойындады.
- Бұл көрсеткіштер балада өзін-өзі бағалау мәселелерін туындатуы мүмкін екенін көрсетеді.

#### 2. Әлеуметтік қолайлы мінез-құлық шкаласы

- 60% ата-ана (24 адам) баламен серіктестік қарым-қатынас орнатуға тырысып, оның бастамаларын қолдайтынын айтты.
- 40% ата-ана (16 адам) балаға көбірек талап қоятынын және оның өзіндік пікірін шектейтінін көрсетті.
- Бұл нәтижелер ата-аналардың едәуір бөлігі баланың дербестігін дамытуға жағдай жасағанымен, кейбіреуі әлі де қатаң бақылауға басымдық беретінін көрсетеді.

#### 3. Симбиоз шкаласы

- 50% ата-ана (20 адам) баламен тығыз эмоционалды байланыста екенін көрсетті.
- 50% ата-ана (20 адам) баланың дербестігін дамыту қажеттілігін ескеретінін айтты.
- Бұл көрсеткіштер ата-аналардың жартысы балаға тәуелді қарым-қатынасты қалыптастырып, оны өз бетінше шешім қабылдауға жеткілікті еркіндік бермейтінін көрсетеді.

#### 4. Бақылау шкаласы

- 40% ата-ана (16 адам) баланы тым қатаң бақылап отыратынын мәлімдеді.
- 30% ата-ана (12 адам) орташа деңгейде бақылау жүргізетінін көрсетті.
- 30% ата-ана (12 адам) балаға барынша еркіндік беретінін айтты.

- Бұл нәтижелер ата-аналардың көпшілігі балаларын белгілі бір деңгейде бақылап отыратынын, бірақ кейбіреулері шектен тыс бақылауға бейім екенін көрсетеді.

5. «Кішкентай сәтсіздікке ұшыраушы» шкаласы

- 20% ата-ана (8 адам) баланың мүмкіндіктеріне сенбейтінін көрсетті.

- 80% ата-ана (32 адам) баланың болашағына сеніммен қарайтынын мәлімдеді.

- Бұл ата-аналардың көпшілігі балаларын қолдайтынын және олардың қабілеттеріне сенетінін көрсетеді.

Зерттеу нәтижесі көрсетіп отырғандай, ата-аналардың көпшілігі балаларын қолдайды және олардың дербестігін дамытуға тырысады. Дегенмен, баланы қатаң бақылау да басымдылық көрсетеді. Бақылау деңгейі маңызды орын алады. Кейбір ата-аналар баланы қатаң бақылауға алса, басқалары еркіндік беруді жөн көреді. Балаға шамадан тыс бақылау мен шектен тыс еркіндік беру оның тұлғалық дамуына кері әсер етуі мүмкін. Бала тәрбиесіндегі қабылдау – қабылдамау, әлеуметтік қолайлы мінез-құлық, симбиоз және бақылау сияқты қатынастардың тепе-теңдігі сақталған жағдайда, ол өзін сенімді сезінеді, оның ерікін дамуына тиімді жағдай жасалады. Бұл нәтижелер ата-аналарға өз тәрбиелеу стилін саналы түрде таңдау қажеттігін көрсетеді.

Ата-аналар мен балалар арасындағы қарым қатынасқа байланысты келесі әмбебап ұсыныстарды беруге болады:

- Баланың өзіндік пікірін ескеру маңызды. Себебі, бала өзінің тыңдалатынын сезінгенде, оның өзін-өзі бағалауы жоғарылайды;

- Баланың дербестігін дамыту үшін оған еркіндік беру қажет. Өйткені, баланың шешім қабылдау қабілеті еркін таңдау жағдайында ғана мүмкін.

- Ата-аналар баланы тек сәтсіздіктері үшін емес, жетістіктері үшін де бағалауы керек, бұл балаға сенімділік береді. Бұл балаға сенімділік береді, өйткені оның күш-жігері мен табыстары ата-анасының назарынан тыс қалмай, лайықты бағаланады.

- Қатаң бақылау мен еркіндік арасында тепе теңдікті сақтау маңызды. Қатаң бақылау мен еркіндік арасында тепе-теңдікті сақтау маңызды. Себебі, шамадан тыс бақылау баланың өз бетінше шешім қабылдауына кедергі келтіреді, ал шектен тыс еркіндік жауапкершілікті сезінбеуіне алып келуі мүмкін.

- Ата-аналар баламен сенімді қарым-қатынас орнатуы тиіс, ашық әңгіме мен эмоциялық қолдау – баланың психологиялық тұрақтылығының негізі. Өйткені бала өзін түсінетін, қолдайтын және бағыт-бағдар беретін ортаның ішінде қауіпсіз сезінеді.

Қорытындылай келе, қазіргі заманғы ата-ана мен бала қарым-қатынасы сенім мен өзара түсіністікке негізделуі керек. Бүгінде ата-аналар тек тәрбиеші емес, сонымен бірге балаға жол көрсетуші, қолдаушы және серіктес болуға тиіс. Балаға қысым көрсетудің орнына, оның пікірімен санасып, ашық диалог орнату маңызды. Сонымен қатар, эмоциялық қолдау, жеке шекараларды құрметтеу және дұрыс үлгі көрсету – тәрбиенің басты қағидалары. Осылайша, ата-ана балаға бағыт-бағдар беріп қана қоймай, оның тұлға ретінде еркін дамуына мүмкіндік жасауы керек.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Батюта, М. Б., & Сидорина, Е. В. (2017). Особенности влияния стиля семейного воспитания на уровень самооценки младших школьников. Современные научные исследования и инновации, (4), 797–800.

2. Бондарчук, Е. В., & Локтева, И. Г. (2022). Влияние стиля семейного воспитания на самооценку детей старшего дошкольного возраста. Социальная и психолого-педагогическая помощь семье: опыт, проблемы, перспективы, 504.

3. Голикова, В. Д., Мацибора, О. А., & Голубь, М. С. (2018). Влияние стилей семейного воспитания на становление самооценки ребенка старшего дошкольного возраста. Форум молодых ученых, 11-1(27), 471–477.

4. Качалова, А. Д., и др. (2022). Влияние стилей семейного воспитания на самооценку и уровень тревожности детей старшего дошкольного возраста. Актуальные проблемы науки и перспективы развития образования, 73–75.

5. Кукуляр, А. М., & Охотникова, Л. Г. (2019). Исследование особенностей влияния стиля воспитания на самооценку младшего школьника. *Akademicka Psychologie*, (1), 34–39.

6. Варга, А. Я. (1988). Тест-опросник родительского отношения. В Практикум по психодиагностике. Психодиагностические материалы (под ред. А. Я. Варги, В. В. Столина, с. 128). Москва: МГУ.

### **ӘОЖ 37.015.3**

## **ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ОҚУ МОТИВАЦИЯСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ МҮМКІНДІКТЕРІ**

**Кудайбергенова Асем Турганбайқызы**

[asem03kt@gmail.com](mailto:asem03kt@gmail.com)

6B03103 – «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасының 4 курс студенті,  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ  
Ғылыми жетекшісі – п.ғ.к., қауымдастырылған профессор Албытова Н.П.

Қазіргі білім беру жүйесінде жасөспірімдердің оқуға деген мотивациясын, ынтасы мен қызығушылығын арттыру аса маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Себебі ол бірінші кезекте білім сапасын жақсартудың негізгі факторы болып табылады, екінші кезекте ол жеке тұлға ретінде қалыптасуына ықпал етеді. Төменде отандық ғалымдардың зерттеулері көрсеткендей, оқу үлгерімінің төмен болуы көбінесе оқушының мотивациясының жеткіліксіздігімен байланысты.

Оқу мотивациясы – адамның білім алуға деген ішкі ұмтылысын және танымдық қызығушылығын қалыптастыратын күрделі психологиялық-педагогикалық механизм. Бұл жеке тұлғаның зияткерлік дамуына, өмірлік мақсаттарына жетуіне және тұлғалық өсуіне ықпал ететін динамикалық жүйе болып табылады.

Оқу мотивациясын зерттеуде отандық ғалымдар М.К.Нұрғалиева, Булатбаева А.А., Рамазанова С.А, Қ.Б. Жарықбаев және т.б. сонымен қатар шетелдік ғалымдар Л.С.Выготский, Дж.Аткинсон, И.А.Зимняя, Л.И.Божович, А.К.Маркова, Х.Хеккаузен және т.б. зерттеген.

Отандық ғалымдар М.К.Нұрғалиева және С.А. Рамазанова өз зерттеулерінде оқу мотивация мәселесін зерттей отырып, ол оқушылардың жетістіктеріне тікелей әсер ететінін анықтады. Ғалымдардың пайымдауынша, оқу үлгерімінің төмен болуы оқушының оқу мотивациясының жеткіліксіздігінен және жеке оқу-танымдық ерекшеліктерімен байланысты. Сондықтан оқу мотивациясын арттыруда ең алдымен оқушының жеке ерекшеліктеріне және қабілеттеріне мән беру керектігін қарастырған. Ғалымдар зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, оқушының интеллектуалдық қабілеттері оқу мотивациясының жеткілікті деңгейінсіз табысты білім алуға кепілдік бермейді деп тұжырымдады [1].

И.А.Зимняя зерттеулеріне сәйкес, оқу мотивациясы жүйелі болып келеді және оған бағыттылық, тұрақтылық, қозғалмалылық тән. Яғни, оқу мотивациясы жай ғана жеке сезімдер емес, ол бірін-бірі толықтыратын, белгілі бір мақсатқа бағытталған, уақыт өте келе өзгеретін күрделі психологиялық құбылыс [2].

Т.О. Гордеева бойынша оқу мотивациясына ықпал ететін факторлардың бірі қазіргі заманауи технологиялардың, оның ішінде әлеуметтік желінің, ұялы телефондардың әсерін жатқызды. Заманауи технологиялардың кең таралуы екі жақты әсерін қарастырды, яғни бірінші жағынан, оқуға жаңа мүмкіндік болса, ал екінші жағынан назарды басқа жаққа аудару және оқуға бөлінетін уақытты азайту [3].